

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфуллин оқулары – 9: Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 9: Новый вектор развития высшего образования и науки» посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 36-37

КОЛЛЕДЖДЕ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ МӘНДІ ТҰЛҒАЛЫҚ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сұлтанова А.

Елдің елдігі, өркениетті білімі мен ғылымына байланысты десек, егемендік алғанына небәрі 20 жыл толған жас Қазақстан үшін білім де білікті ұрпақ тәрбиелеу маңызды орын алады. Білім мен ғылымның ірге тасын қалайтын білім беру болып табылады. Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында жаңа кезеңнің негізгі атқарылар шаруалары деп қос қолдың саласындай он міндетті ұсынды. Соның жуан ортасында “Осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау” міндеті тұр. Бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы елдердің бәрі оқуға жалпы білім берудегі жаңа жүйені ұсынып отырып, жеке тұлғаны қалыптастырудағы мүмкіндіктерін, жолдарын іздеп, зерттеп оны ұтымды түрде білім беруге енгізуді негізгі мәселеге айналдырады.

Кәсіби оқытушы педагогының құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім, Педагог мамандығы, зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен рөл атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың (студенттердің) психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (студенттерге) өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды. Кәсіби оқытушы педагогтың іскерлігінің негізгі бағыты болашақ мамандардың кәсіби білімін (теориялық және тәжірибелік) жетілдіру болып табылады. Кәсіби білім педагогы педагогикалық іскерлікке даярлықтан басқа кәсіби оқыту мекемесінде кадрларды дайындауға арналған халық шаруашылығының маманы болып табылады. Кәсіби оқыту педагогының кәсіби іскерлігінің мазмұны оның еңбегінің педагогикалық және инженерлік интегралмен анықталады.

П.Ф. Каптерев көрсеткендей, педагогикалық іс-әрекеттің табысты болуының маңызды факторларының бірі мұғалімнің «тұлғалық сапалары» болып табылады. Мақсатқа ұмтылу, табандылық, еңбек сүйгіштік, қарапайымдылық, бақылампаздық сияқты сапалардың міндетті болуы

аталынып өтіледі. Әсіресе, эмпатияға әзір болу маңызды, яғни оқушылардың психикалық күйлерін түсінуге, көңіл-күйге ортақтасуға әзір болу және әлеуметтік өзара әрекеттесуге қажеттілік маңызды. Сондықтан, кәсіптік парыздылықты меңгерген педагог қана оқушылардың психикалық күйлерін жете түсініп, жәрдем көрсете алады. Осыған байланысты зерттеушілер тарапынан педагогикалық деонтологияға үлкен мән беріледі, оның көрінісінен мұғалімнің жалпы мәдениеті мен іс-әрекетінен жоғары кәсіпқойлығы байқалады.

К. М. Левитан мұғалімнің тұлғалық сапасын анықтайтын қабілеттер жиынтығын төмендегідей тәртіппен құрастырған: өз пәні бойынша жоғары деңгейлі білім, сол білімдерін дағдыларын оқушыларға жеткізе білуі, талап қоя білушілік, оқушыны пәнге қызықтыра білуі, жалпы ой-өрісі, жанашырлық, тілектестік, педагогикалық әдеп, сабақты қызықты ұйымдастыра білуі, өз пәніне, мамандығына деген сүйіспеншілік, шыдамдылық, балалардың жан-дүниесін түсіне білуі, балаларға деген сүйіспеншілік, әділдік, әділеттілік, өзін-өзі тәрбиелеуге құлшынысы, әзіл, астарлы сөздерді ұғына білуі, жаңа техникалық құралдарды меңгере білуі, ұстанымдылық, көпшілдік, сөйлеу шеберлігі, еңбексүйгіштік, сабырлық, байсалдылық, әртістік қасиет, музыкалық қабілеттері, адал, ақниеттілігі, сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыра білуі.

Осы ой-пікірлер қазақ даласында тұңғыш мектеп ашып, болашаққа оқу-білім сәулесін таратқан халқымыздың ағартушы-педагогы Ы. Алтынсарин шығармаларынан да кеңінен орын алды. Ы. Алтынсарин кәсіби білім беру жүйесін қалыптастырған ұстаздардың ұстазы болды. Ол 1882 жылы Н. И. Ильминскийге жазған хатында «Халық мектептері үшін ең керектісі - оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралы да, әбден мұқият жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды», - деп, қазақ халқының сол тұстағы аса бір өзекті мәселесін көтеріп қана қоймай, өзі де сол істі жүзеге асыру жолында жан аямай жұмыс істеген. Мұғалім өз шәкірттерін шын жақсы көрсе, оның беделі тек шәкірт алдында ғана емес, бүкіл ата-аналар, жұртшылық алдында жоғары болатынын ескертіп былай дейді: «Мектепте мұғалім басты тұлға, онымен ешкім теңесе алмайды, мектеп бітіруші баланың болашағын болжай білу қабілеті, адамгершілік қасиеті жоғары ұстазға байланысты». Ағартушының пікірі бойынша оқушыны жақсы көрген ұстаз олардың болашағына жанашырлықпен қарайды, оқу бағдарламаларын барынша түсінікті, ұғымды етіп береді, шәкірттерінің сеніміне ене отырып адамгершілікке тәрбиелейді. Ы. Алтынсарин еңбектерінің болашақ мұғалімдерді ізгілікке, парасаттылыққа, достыққа тәрбиелеудегі орны ерекше.

Жоғарыда атап өткен ағартушы-педагогтардың ой-пікірлері бүгінде өз мән-мағынасын жоймай, өміршең болып отыр. Сондықтан болашақ мұғалімдердің парыздылық сана-сезімін, қалыптастыруда олар нұсқаған жолдарды елеп-ескерген жөн.